

Талғар ауданы Нұра ауылдық округінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 32-195 шешімі және Талғар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 маусымдағы N 06-380 қаулысы. Алматы облысы Талғар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 маусымда № 2-18-106 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, “Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 3 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Талғар ауданы елді мекендер жерінің құрамына елді мекендерді кеңейтуге және осыған байланысты қоса беріліп отырған схемалық карталарға сәйкес, төмендегі Нұра ауылдық округінің шекарасы (шегі) мынадай болып өзгертілсін:

Нұра ауылдық округінің Нұра ауылы елді мекенінің шекарасына барлығы 100 гектар жер аумағы енгізілсін.

2. “Талғар аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі” мемлекеттік мекемесі қосылған жер учаскелеріне белгіленген тәртіппен қала құрылыс құжаттарын дайындасын.

3. “Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі” мемлекеттік мекемесі қолданылып жүрген есеп құжаттамаларына өзгертулер енгізілсін.

4. Осы бірлескен шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы Әшімова С. О.

Аудандық мәслихат хатшысы Ыдралиева Р. М.

Аудан әкімі Өмірәлиев Т. Ә.